

№1 ХАТТАМА

АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжі ұжымының педагогикалық Кеңесі

Өткізілген уақыты: 26 тамыз, 2022ж.

Қатысуға тиіс: 29

Қатысканы: 27

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ұжымның 2022-2023 оқу жылына арналған мақсаттары мен міндеттері. Асқаров Ж.Р.
2. Қабылдау комиссиясының жұмысы туралы есеп. Колледжге қабылдау қорытындылары. Комиссия төрайымы Такишева И.А. Сырттай оқу бөлімінің меңгерушісі Г.Н.Канибаева
3. Колледждің 2022-2023 оқу жылына арналған мақсаттары мен міндеттері. Жаңа оқу жылына арналған оқу-жоспарлау құжаттарын қарау және бекіту. Колледждің жиынтықталған жылдық жоспарын бекіту. ОІЖ, ТІЖ, ОӨЖ жөніндегі орынбасарлар, бөлім меңгерушілері, бірлестік жетекшілері

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Ұжымның 2022-2023 оқу жылына арналған мақсаттары мен міндеттері бойынша колледж басшысы Ж.Р.Асқаров жаңа оқу жылының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы академиялық дербестікке қатысты, жұмыс берушімен бірлескен бағдарламалар туралы, базалық модульдер т.б баса назар аударды.
2. Қабылдау комиссиясының жұмысы туралы есеп. Колледжге қабылдау қорытындылары. 2022-23 оқу жылында мамандықтар бойынша оқушылар қабылдау қорытындысы туралы комиссия төрайымы Такишева И.А. есеп берді. Есеп бойынша: күндізгі бөлім бойынша **07140700** «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару» мамандығы 9,11 кластар негізінде-43 бала, **10410200** «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы-44 бала, **07160500** «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы-3 бала, **0140100** «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы-54 бала, **01120100** «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы-76 бала құжат тапсырды. Барлығы ақылы негізде. Сырттай оқу бөлімінің меңгерушісі Г.Н.Канибаева: **10410200** «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығы-43 бала, **07160500** «Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы-12, **07130100** «Өлеңдік құжаттары түрлері және салалары» -17 бала қабылданғанын айтып өтті.

Копияға берілді
Иванов



СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Г.Елмағанбетова, С.Космагамбетова сөз алып, биылғы жылғы оқуға қабылдау барысында кеткен кемшіліктерге, бюджет топтардың орындалмауының себептері мен салдарларына тоқталды. Оқу жылы барысында ұйымшылдықпен жұмыс жасауға шақырды.

3. Колледждің 2022-2023 оқу жылына арналған мақсаттары мен міндеттері.

Жаңа оқу жылына арналған оқу-жоспарлау құжаттарын қарау және бекіту. Колледждің жиынтықталған жылдық жоспарын бекіту мәселелері бағытында колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Баймұрат 2022-23 оқу жылында әр мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарына МЖМБС-на сәйкес базалық модульдер мен кәсіптік модульдердің сағаттары және ЖББП пәндеріне байланысты 60/1440 сағат сақталғанына тоқталды. Оқу-ағарту министрінің шешімімен өзін өзі тану пәнінің оқытылмайтыны айтып, бастауыш білім беру бойынша дүниетану пәні әдістемесін оқыту туралы ұсыныс жасалды.

СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Жалпытехникалық және қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі жетекшілері А.К.Жубатырова, А.Б.Баймурат жылдық жұмыс жоспарларындағы өзгерістерге, басты бағыттарына тоқталды.


Күн тәртібіндегі басқа да мәселелер бойынша колледж басшысы Ж.Р.Асқаров, оқу ісі жөніндегі орынбасар А.Б.Баймұрат алдағы атқарылар жұмыстарға тоқталды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қорытындылай келе,

ШЕШІМ:

1. 2022-2023 оқу жылын ұйымшылдықпен бастап, алға қойған міндеттерді орындауда ұжымның жауапкершілігі арттырылсын.
2. Биылғы оқу жылына оқушы қабылдауда кеткен кемшіліктер ескерілсін. Қабылдау комиссиясының төрайымына, мүшелеріне ескерту берілсін. Алдағы уақытта кәсіптік бағдар беру туралы насихат жұмысын жүргізуге баса назар аударылсын. Облыс көлеміндегі жалпы орта білім беру ұйымдары мен көршілес облыстардың жалпы орта білім беру ұйымдарымен байланыс орнатып, кәсіби бағдар беру жұмысы жүйелі түрде жүзеге асырылсын. Жұмысты үйлестіру тәрбие ісі жөніндегі орынбасарға міндеттелсін.
3. 2022-2023 оқу жылының I курсына негізгі және жалпы орта білім базасы негізінде көрсетілген мамандықтар бойынша білім алушылар, студенттер қабылдансын.
- 3.1. 2022-2023 оқу жылы бойынша әр мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарлары бекітілсін. Оқытушылардың сағат жүктемелері бекітілсін. Сағат жүктемелердің өз деңгейінде бөлінуі техникалық және гуманитарлық бөлім бойынша меңгерушілері Г.К.Молдадосова мен Г.Н.Елмағанбетова, оқу ісі жөніндегі орынбасар А.Б.Баймуратқа міндеттелсін.
- 3.2. Жаңадан қабылданған топтарға жетекшілер тарапынан бағдарламалық бағам кәсіптік білім қоса тіркелсін. Бекіту мерзімі 29.08.2022ж.

Көшімі жасауға
А.Б.Баймурат



№2 ХАТТАМА

АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжі ұжымының кезектен тыс педагогикалық Кенесі

Өткізілген уақыты: 03 қазан 2022ж.

Қатысуға тиіс: 29

Қатысқаны: 29

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Колледждің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына және оқу жылының максаттары мен міндеттеріне өзгерістер енгізіп қайта бекітуге ұсыну (Такишева Г.А.)
2. Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжінің жалпы Ережесіне өзгертулер енгізу және бекіту
3. АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжінің 2022-2023 оқу жылына арналған ішкі нормативті құжаттарын бекіту (Ережелер, бағыттар бойынша жұмыс жоспарлары)
4. Колледждің 2023 жылы мемлекеттік аттестациядан өтуіне байланысты өзін-өзі аттестаттау жұмысын жүргізу үшін комиссия құрамын бекіту

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Колледждің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына және оқу жылының максаттары мен міндеттеріне өзгерістер енгізіп қайта бекітуге ұсыну бойынша колледж директоры Г.А.Такишева ең алдымен колледждің жұмысына SWOT талдау жасады.

Ең әлсіз тұстар деп атап өтті:

✓ Педагогикалық бағыты бойынша 5 мамандықтың болмауы КВТ талаптарына сәйкес келмеуі

✓ Кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыстың төмен деңгейі

✓ Білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредитациясының болмауы

✓ Студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығының болмауы

✓ Ғылыми зерттеулердің төмен деңгейі

✓ «Коворкинг» аймағының болмауы

✓ Үш тілде білім берудің жоқтығы

✓ Дуальды оқытудың болмауы

✓ Колледж қызметкерлерінің құрылымындағы айтарлықтай теңгерімсіздіктің яғни дисбаланстың байқалуы

✓ Колледждің аймақтық өндірістік кәсіпорындарымен байланысының әлсіздігі


✓ Студенттерді жатақханамен қамтамасыз етудің төмен деңгейі

✓ Материалдық-техникалық базаны жабдықтаудың төмен деңгейі

✓ Инновациялық өнімдерді басқару және маркетинг қызметінің жоқтығы

✓ Монография, оқулықтардың оқу-әдістемелік құралдардың болмауы

республикалық ОӘК арқылы жарыққа шықпауы



ҚКСОН ұсынған журналдарда жарияланудың төмен деңгейі

Оқытушылар құрамының кәсіби дамуының төмен деңгейі

Сонымен қатар білім алушылармен оқытушылардың сапалық сандық көрсеткіштері талданды. Себебі студенттер контингенті – колледж табысының негізгі көрсеткіштерінің бірі.

Колледждің дамуының стратегиялық бағыттарын қарастыруды ұсынды:

1) Жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңғырту.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тұжырымдамасы аясында студенттер мен ОҚ-ның академиялық ұтқырлығы мүмкіндіктерін кеңейту.

3) Оқу-тәрбие үрдісіне дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізу.

4) Көптілді білім беру шеңберінде білім беру бағдарламаларының жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру.

5) Жаңартылған мазмұнды және мұғалімнің Кәсіби стандартын ескере отырып, эксперименттік режимде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша жұмыстарды жаңғырту.

6) Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау.

7) «Коммерцияландыру кеңсесі» мен «Маркетинг орталығын» одан әрі дамыту.

8) Студенттер контингентін қалыптастыру үшін ребрендингтік жұмысты өрістетуге, маркетингтік стратегияны жаңғырту, колледж имиджін көтеру.

9) Интеллектуалдық, ғылыми-техникалық және мәдени шығармашылықты дамыту, еңбек ынтасын және студенттердің бастамаларын қолдау.

10) Өндірістік кеңестің құрамын толықтырып өзгерту
Атқарылар істер мен міндеттер нақтыланды.

СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1.1. Қосмаганбетова С., жаңа өзгерістерді қолдайтынын, жаңашылдық енгізілгеніне жаңа бағыттар, тың идеялар тасталғандығын атап өтіп, сонымен қатар тәрбие бағытында қандай жаңашылдық енетінен тоқталып өтуін сұрады.

1.2. Такишева Г.А.баяндау барысында «Өзгеріске алып келетін жаңа бастамаға негізгі кадам Тәрбие бағыты. Себебі жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу - адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Өмір деген ұлы арнада жақсы, мәнді мағыналы өмір сүру дағдысын студентке қалыптастырамыз деп ұрандау қателік,оны ең алдымен өзімізден бастауымыз керек.

Үш академиялық қабілетті студенттен талап етпес бұрын, оқытушы өз бойында сол қабілетті толық қалыптастыруы керек. Олар: 1) Киім кию мәдениеті 2) Жүріс-тұрыс мәдениеті 3) Кәсіби тілде сөйлеу мәдениеті

Тәрбиені қалыптастырушы оқытушыда этикалық нормаларды сақтай жүргендері бар. Осыған байланысты тәрбие жұмысындағы өзгерістер тәрбие жұмысының нәтижесін ірі үлкен «Startap» жобалармен аяқтау керек.

1) «Жас ақындар» телестудиясын құру;

Копия

- 2) Кәсіпкерлікке баулу бағытында ҒЗЖ-на бағытталған колледждің шағын кәсіпорындарын құру;
- 3) колледж кабинеттері мен маңайларды абаттандыру үшін «Жасыл желек» айдарымен еріктілер тобын құру керек» деді.

2. Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжінің жалпы Ережесіне өзгертулер енгізу және бекіту бойынша баяндамашы Такишева Г.А.: Академиялық дербестікке қатысты «Ережеге Заңнамалық деңгейде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ Заңына сәйкес академиялық дербестік бекітілген (бұдан әрі – Заң). Заңның 43-бабының 2-5-тармағына сәйкес колледж білім беру бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді. Яғни, колледж жұмыс берушілермен бірлесіп WorldSkills кәсіптік стандарттардың (бар болса) талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлейді. 2022-2023 оқу жылында білім беру бағдарламаларына мынадай базалық модульдерді міндетті түрде қосу қажет:

- 1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;
- 4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.

«Қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану» модулін зерделеу орта буын мамандарын даярлау кезінде жүзеге асырылады.

Жалпы білім беру пәндеріне қатысты (жбп модулі), Қосымша базалық модульдерді қосуға, егер оларсыз біліктілік бойынша кәсіптік модульдерді игеру мүмкін болмаған жағдайда жол беріледі.


Колледж қалауы бойынша базалық модульдер, мамандық бейініне байланысты кәсіптік модульдерге біріктіріледі.

«Жалпы білім беру пәндері» модулі бойынша жалпы сағат саны 60 кредит/1440 сағатты құрайды, жалпы білім беру пәндері 1-2 курста оқытылады.

Жалпы білім беру пәндердің тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып, айқындалады.

Мамандықтың бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беру пәндерге: «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі және әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі және әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Шетел тілі», «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» қатады.

ТЖКОБ ұйымдары мамандығының бейініне байланысты «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Графика және жобалау», «Күннежузі тарихы», «Шетел тілі» (екінші шетел тілі тек «Өнер» бағыты үшін кемінде бір пәнді тандайды.



ҚР «Білім туралы» Заңында «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы» ұғымы және оны бекіту алынып тасталды («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141-VII Қазақстан Республикасының Заңы).

Осыған байланысты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталды.

Жалпы білім беру пәндер модуліндегі «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген сағат көлемін осы модульдің басқа пәндеріне бөлу ұсынылады.

Жалпы білім беру пәндері бойынша емтихандар «Жалпы білім беру пәндері» модуліне бөлінген кредиттер/сағаттар есебінен өткізіледі.

Кредиттік-модульдік оқыту технологиясын енгізуге қатысты Колледжде оқытудың кредиттік – модульдік технологиясы оқытудың орнына, нысаны мен мерзіміне карамастан оқытудың бүкіл кезеңі ішінде біліктілікті беру үшін кредиттерді бағалау және растау арқылы оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып іске асырылады.

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде міндетті оқу кредиттерінің саны:

- негізгі орта білім базасында жұмысшы біліктіліктерін игеру үшін 120-180 кредит;

- жалпы орта білім базасында жұмысшы біліктіліктерін игеру үшін 60-120 кредит;

- негізгі орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 180-240 кредит. Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 2 жұмыс біліктілігіне дейін игеруге жол беріледі;

- жалпы орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 120-180 кредит. Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 2 жұмыс біліктілігіне дейін игеруге жол беріледі;

- техникалық және кәсіптік білім базасында орта буын біліктілігін игеру үшін 60 кредит (мәндес біліктілік бойынша);

- колданбалы бакалавр біліктілігін игеру үшін 60-180 кредит.

Оқу жылында міндетті оқу жүктемесінің жалпы саны кемінде 36 кредитті құрайтын оқу жылын қоспағанда, 60 кредитті немесе 1440 сағатты құрайды.

1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең екендігін баяндап Ережеге соңғы өзгерістерді енгізгендігін сонымен қатар оқу орындарын ірі бизнес өкілдерінің қамқорлыққа алуы мәселесі мен демонстрациялық емтиханды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты мәселелерде еңгізілгендігін атап өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Альжанова А.Б., Ережеге білім алушылардың сыртқы келісетіндігіне қосымша бір пункт енгізуді ұсынды.



3. АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжінің 2022-2023 оқу жылына арналған ішкі нормативті құжаттарын бекіту (Ережелер, бағыттар бойынша жұмыс жоспарларын қайта толықтырулармен бекіту)

Баяндамашы Такишева Г.А. төмендегідей бағыттар бойынша Ережелер мен жұмыс жоспарларын талқылауға ұсынды:

3.1 Колледждің 2022-2023 оқу жылына арналған оқытушылар құрамының штаттық кестесімен таныстырлды.

3.2 Колледж жұмысын жандандыру, жұмыс беруші мекемелермен байланыс орнату, болашақ колледж бітірушілерін жұмыспен қамту жағдайында жан-жақты байланыс орнату шараларын жүзеге асыру мақсатында колледждің индустриалдық кеңесі туралы Ережесі, мақсат-міндеттерімен таныстырылып, құрамын бекітуге ұсыныс жасалды.

3.3. Әкімшілік кеңестің, Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын және кеңес құрамын бекіту туралы;

3.4. 2023 жылға арналған кәсіби даярлық курстарын ұйымдастырудың жұмыс жоспары;

3.5. Педагогикалық қызметті бағалау рейтингі туралы Ережені бекіту;

3.6. Колледж білім алушыларының ішкі тәртіп Ережесі

3.7. Жатақханаға орналасу Ережесі талқыланды.

3.8 «М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ «Ақтөбе колледжі ЖШС директорының 15.02.2021ж. №27 бұйрығына ішінара өзгерістер енгізіліп Индустриялық кеңестің құрамы қайта бекітуге ұсынылды.

№	Құрамның мүшелері	Лауазымы, жұмыс орны
1	Исмагулов Н.А	«Ақтөбе электрлік жабдықтау дистанциясы» бөлім басшысы
2	Аустниязова Б.И.	«ШЧ-5» иженері
3	Куанышев Т.М.	Ақтөбе теміржол вокзалының бастығы
4	Естеков М.М.	«Ақтөбе локомотив депосы «ТЧ» жөндеу жөніндегі бөлімінің бастығы
5	Сарин Б.У.	Ақтөбе қаласы ЖОББМ №39 мектебінің директоры
6	Такишева Г.А.	Колледждің директоры
7	Орымбас Б.А.	Директордың ОІЖ жөніндегі орынбасары
8	Есбосынов Қ.Т.	Директордың ОӨЖ жөніндегі орынбасары
9	Жұбатырова А.К.	Арнайы пән мұғалімі

СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Орымбас, оқу өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Қ.Есбосынов, бөлім меңгерушісі Н.Елмағанбетова, пән мұғалімдері көтерілген мәселелер туралы сөз алып, бекітуді қолдады.

4. Колледждің 2023 жылы мемлекеттік аттестациядан өтуіне байланысты өзін-өзі аттестаттау жұмысын жүргізу үшін комиссия құрамын бекіту туралы



мәселе бойынша Такишева Г.А. 2023 жылы колледж Мемлекеттік аттестаттаудан өтетіндігіне тоқталды. Осыған орай өзін-өзі аттестаттау жұмысын жүргізу үшін комиссия құрамын бекітуді ұсынды. Комиссия құрамы мемлекеттік аттестаттаудың ережесі мен талаптарына сәйкес колледждің соңғы 3 жылдық атқарған оқу-тәрбие процесі бойынша жұмыс нәтижелерін жүйелеп, жинақтау қажеттігіне баса назар аударды. Өзін-өзі аттестаттауды жүргізу үшін негізгі нормативтік құжаттарға тоқталып өтті. Төмендегідей комиссия құрамы ұсынылды.

Такишева Г.А. - Комиссия төрайымы
Орымбас Б.А. - Төрайым орынбасары

Мүшелері:

1. Есбосынов Қ.Т.
2. Альжанова А.Б
3. Елмағанбетова Г.Н.
4. Молдадосова Г.К.
5. Жұбатырова А.К.
6. Баймурат А.Б
7. Шазында Ж.Ә.
8. Абилова Ж.
9. Калибаева Г.С
10. Канибаева Г.Н.
11. Қыдыралина А.К

СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Жұбатырова А.К., аттестаттаудың ережесі мен талаптарына министрлік тарапынан өзгерістер ұсынылып жатырғандығын және жаңа жоба негізінде дайындық жұмыстарды жүргізе беруге болады ма деген сауал қойды. Такишева Г.А., өзін-өзі аттестаттау 02.02.2016 жылғы 124 бұйрықтың негізінде әзірленуі керек, дайындық жұмыстарыда осы бұйрық негізінде жүргізіледі деп баяндады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қорытындылай келе,

ШЕШІМ:

1. Колледждің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына енгізулер мен толықтырулар енгізе отырып, қайта бекітілсін. Бекітілу мерзімі 03.10.2022 ж
2. Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжінің жалпы Ережесі жаңа толықтыруларымен қайта бекітілсін. Бекітілу мерзімі 03.10.2022 ж
3. Жоғарыда қаралған ішкі нормативтік құжаттар бекітілсін
- 3.1. Колледждің оқытушылар құрамының штаттық кестесі;
4. Индустриалдық кеңес құрамы өзгертіліп қайта «М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ «Ақтөбе колледжі ЖШС директорының 15.02.2021ж. №27 бұйрығына ішінара өзгерістер енгізілсін. Бұйрық жобасы бекітілуге ұсынылсын. Жауапты кадр бөлімінің меңгерушісі Бекіту мерзімі 03.10.2022ж.



4.1. Жұмыс беруші мекеме басшыларымен меморандумға отырып, келісім-шарттар жасау жұмыстарын үйлестіру оқу өндірістік ісі жөніндегі орынбасарға тапсырылсын.

4.2. Әкімшілік кеңестің, қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарлары бекітілсін. Бекітілу мерзімі 03.10.2022ж.

4.3. 2023 жылға арналған кәсіби даярлау курсының ұйымдастырудың жұмыс жоспары бекітілсін. Бекітілу мерзімі 03.10.2022ж.

4.4. Педагогикалық қызметті бағалау рейтингі туралы ережесі бекітілсін. Бекітілу мерзімі 03.10.2022ж.

4.5. Колледж білім алушыларының ішкі тәртіп ережелері мен жатақханаға орналасу ережесі бекітілсін. Бекітілу мерзімі 03.10.2022ж.

4.6. Бекітілген жұмыс жоспарлардың уақытылы орындалуы талап етілсін.

5. Мемлекеттік аттестаттаудан өтуге дайындық және өзін өзі аттестаттау жұмысын жүргізу үшін комиссия құрамына төмендегі тұлғалар бекітілсін. Бұйрық жобасы әзірленсін. Жауапты кадр бөлімінің меңгерушісі

Комиссия төрайымы
Төрайым орынбасары
Мүшелері:

Такишева Г.А.
Орымбас Б. А.
Есбосынов Қ.Т.
Альжанова А.Б.
Елмағанбетова Г.Н.
Молдадосова Г.К.
Жұбатырова А.Қ.
Баймурат А.Б.
Шазында Ж.Ә.
Абилова Ж.С.
Калибаева Г.С.
Канибаева Г.Н.
Қыдыралина А.Қ

Кеңес төрайымы:
Хатшысы:

Г.А. Такишева
Ж.Ә. Шазында

Г.А. Такишева
Ж.Ә. Шазында



№3 ХАТТАМА

АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжі ұжымының кезектен тыс педагогикалық Кеңесі

Өткізілген уақыты: 28 қазан 2022ж.

Қатысуға тиіс: 29

Қатысканы: 29

КҮН ТӘРТІБІ:

1) 1108062 «Тепловоз машинисінің көмекшісі» біліктілігі бойынша бітірушілерге сертификат беру туралы

ТЫНДАЛДЫ:

1108062 «Тепловоз машинисінің көмекшісі» біліктілігі бойынша бітірушілерге сертификат беру туралы колледж директоры Г.А.Такишева: 1108062 «Тепловоз машинисінің көмекшісі» біліктілігі бойынша 8 тыңдаушы оқып бітіргенін және жұмысшы мамандығының лицензиясы жоқ, бірақ курсқа қабылдау жүріп, тыңдаушылардың курсты аяқтауына байланысты бітіру емтихандарын тапсырғандығын атап өтті. Ұжым мүшелерінен тізімдегі тыңдаушыларға оқығандығы туралы куәліктерін беру немесе бермеу туралы ұсыныс жасады.

СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1. Ұсынысқа байланысты арнайы пән оқытушысы А.Н. Бактыбаев курсты тамамдаған тыңдаушыларға куәліктерін беру ұсынысын қолдады. Қалған қатысушылар да бір ауыздан куәліктерін беру ұсынысын қуаттады. Сонымен қатар оқытушылар тарапынан курстың оқу бағдарламалары жұмыс берушілермен ұсынылғандығы және бүгінгі күнге дейін курстар өткізіліп келгендігі алға тартылды.

2. Арнайы пән оқытушысы Д.Т.Карагулова ұсынысқа байланысты өз ойын ортаға салды.

ШЕШІМ:

1. Төменде аталған тыңдаушыларға емтихан қабылдау комиссия мүшелерінің шешіміне сәйкес 1108062 «Тепловоз машинисінің көмекшісі» біліктілігі куәлігі берілсін.

1. Әділ Серік Иманғалиұлы
2. Бағытжанов Бекнияз Нұрлыбекұлы
3. Дуйсов Қанат Маратович
4. Құрақбаев Бекзат Айдосұлы
5. Мұханбетжан Сабыржан Рүстемұлы
6. Рысбек Айан Рысбекович
7. Қожахметов Жаңалық Бердидекович
8. Ғалымжан Әлібек Сеилбекұлы



Handwritten signature in blue ink, likely of the HR Department head.

2. Курсқа қабылдау жұмысы 2023 жылға дейін уақытша тоқтатылсын.
3. Осы қаулыға сәйкес құжаттарды рәсімдеу Г.С.Калибаеваға тапсырылсын.

Кеңес төрайымы: *Г.А.Такишева* Г.А.Такишева
Хатшысы: *Ж.Ә.Шазында* Ж.Ә.Шазында



№4 ХАТТАМА
АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжі ұжымының
педагогикалық Кеңесі

Өткізілген уақыты: 25 қараша 2022ж.

Қатысуға тиіс: 29

Қатысқаны: 29

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Студенттердің танымдық қызметін жандандыру. Директор Такишева Г.А.
2. №1 педагогикалық кеңес шешімдерін орындау қорытындылары туралы
Б.А.Орымбас, Қ.Т.Есбосынов, А. Б.Альжанова.
3. Топ жетекшілердің тәрбиелік қызметтерінде қалайда сәтсіздіктерді болдырмау және табысқа қол жеткізу. Альжанова А.Б.
4. Жаңадан қабылданған білім алушылардың бейімделулерінің психологиялық аспектілері. Педагог-психолог А.Т.Тайберен.
5. Білім сапасын арттыру бойынша шаралар, білім алушылардың аттестациялау мониторингі. (01.11.22ж.аттестация қорытындылары)
Бөлім меңгерушілері: Молдадосова Г.К., Елмағанбетова Г.Н.
6. 2023-2027 жылдарға арналған колледждің стратегиялық жоспарын қарау және бекіту. Колледждің дамыту бағдарламасын таныстыру.
Колледж директоры Такишева Г.А.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша колледж директоры Г.Такишева оқу жылы барысында студенттердің танымдық, шығармашылық, интеллектуалдық қабілеттерін арттыру мақсатында оқу процесімен қатар сабақта және сабақтан тыс жүргізілетін тәрбиелік бағыттағы кітапхана, жастар ұйымы, жатақхана, облыстық, республикалық деңгейдегі танымдық шараларды және оған дайындықпен қатысу жолдарын атап өтті.
2. №1 педагогикалық кеңес шешімдерін орындау қорытындылары туралы оқу ісі, тәрбие ісі, оқу-өндірістік жөніндегі орынбасарлар осы айда атқарылған жұмыстар мен мемлекеттік аттестаттауға дайындық барысына тоқталды.

СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.А.Орымбас: алдағы үлкен жауапты іс-мемлекеттік аттестаттауға дайындықты күшейту үшін қызметкер өздеріне міндеттелген жұмысты талапқа сай орындаулары міндетті және жұмыс уақытында орындарында болуларын ескертті.

3. Топ жетекшілердің тәрбиелік қызметтерінде қалайда сәтсіздіктерді болдырмау және табысқа қол жеткізу мақсатында А.Б.Альжанова бірнеше жұмыс түрлерін атап өтті. Топ жетекшілерге осы мақсатта атқарылатын іс-шараларды таныстырды. Контингенттің сақталуы бойынша жұмыс жасау



жөніндегі топ жетекшілерімен жүргізген тәжірибесімен бөлісті. Топ жетекшілердің өз тобымен жұмыс жасай отырып, сапаға жету жолдарына тоқталды.

СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1. Т-21 тобының жетекшісі Ж.Ә.Шазында: білім алушылармен жеке, топтық жұмыстар жасалып, қиындық туғызатын студенттерді қоғамдық шараларға көбірек тарту шаралары атқарылып келеді. Әйтсе де кейбір топтарда мінезі қиын, тәртіпке көнбейтін, отбасымен де қарым-қатынасы нашар білім алушылардың бар екендігін айта отырып, оларға тәрбие бөлімі, колледж инспекторымен бірлесе отырып, түсіндіру жұмыстарын күшейтілген түрде одан әрі жалғастыруларын сұрады.

2. Э -31 тобының жетекшісі І.Р.Тлеубаева: өз тобында сабақ қатысымы нашар білім алушылармен атқарылған жұмыстарға тоқтала келе, студенттерге және бақылау жүргізбеген ата-аналарына колледж әкімшілігі тарапынан шара қолданылса деген өтінішін жеткізді.

4. «Жаңадан қабылданған білім алушылардың бейімделулерінің психологиялық аспектілері» туралы педагог-психолог А.Т.Тайберен биылғы жылы қабылданған оқушылармен жұмыс жүргізе отырып, алынған әртүрлі сауалнама қорытындыларын интерпретация жасай отырып, таныстырды. Топ жетекшілеріне топпен жұмыс жасауда біршама ұсыныстар айтылды.

5. «Білім сапасын арттыру бойынша шаралар, білім алушылардың аттестациялау мониторингі. (01.11.22ж.аттестация қорытындылары) туралы техникалық бағыт бойынша Г.К.Молдадосова гуманитарлық бағыт бойынша Г.Н.Елмағанбетова аралық аттестаттау қорытындыларымен бөлісті. Алда І семестр уақыты, дайындықты күшейту бағытында тапсырмалар берілді.

6. Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша колледж директоры Г.А.Такишева 2023-2027 жылдарға арналған колледждің стратегиялық жоспары, колледждің дамыту бағдарламасымен таныстырып, педкеңеске бекітуге ұсынды.

Басқа да қосымша мәселелер бойынша мемлекеттік аттестаттауға дайындық барысы, ішкі тексеру жұмыстары мен кемшіліктерді жою мәселелері нақтыланды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қорытындылай келе,

ШЕШІМ:

1. Студенттердің танымдық қызметін жандандыру мақсатында Г.А.Такишеваның баяндамасы негізге алынсын. Жұмысты жандандыруда жастар ұйымы, кітапхана меңгерушісі, жатақхана меңгерушісі, оқу бөлім меңгерушілері жоспарға сәйкес жүзеге асырсын. Жұмыстың орындалуын бақылау тәрбие ісі жөніндегі орынбасар А.Б.Альжановаға міндеттелсін.
2. Педагог-психолог А.Тайбереннің баяндамасын негізге алынып, студенттерді психологиялық тұрғыдан қолдау жұмыстары жүйелі жүргізілсін.



Handwritten signature

4. Студенттердің білім сапасын арттыру мақсатында аралық және қорытынды бақылау жұмыстары уақытылы алынып, қорытындыланып отырсын. Әр топтың мониторингі шығарылсын. Қысқы семестрді өз деңгейінде өткізу жұмыстарына баса назар аударылсын.

5. 2023-2027 жылдарға арналған колледждің стратегиялық жұмыс жоспары бекітілсін. Бекіту мерзімі 28.11.2022ж.

6. Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау барлық сала бойынша орынбасарларға тапсырылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Handwritten signature

Г.А.Такишева

Ж.Ә.Шазықова



Handwritten signature

№5 ХАТТАМА

АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжі ұжымының кезектен тыс педагогикалық Кеңесі

Откізілген уақыты: 6 қаңтар 2023ж.

Қатысуға тиіс: 29

Қатысқаны: 29

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Аттестаттауға дайындық барысын тексеру қорытындысы
2. «Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ жоспардан тыс тексеру қорытындысы бойынша кемшіліктерді жою жоспарын бекітуге ұсыну
3. Ағымдағы мәселелер


ТЫНДАЛДЫ:

1. Аттестаттауға дайындық барысын тексеру қорытындысы бойынша М.Тынышбаев атындағы ҚазККА АКК директорының ОІЖ орынбасары А.Н. Байтулакова сөз алды. Өз кезегінде құжаттарды тексеру кезеңінде анықталған кемшіліктерге тоқталып отті. Сабақ кестесінің формасы, құжаттардың толтырылуы, оқытушының жүргізетін пәндерінің диплом бойынша мамандығына сәйкес болуы жөнінде кеңес берді. Пән оқытушыларының бейнесабактарының болуы да ескерілді. Құжаттарды рәсімдеуде ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына (27.08.2022ж. №382 бұйрық) сүйене отырып жасау қажеттігі баса айтылды. Алдағы үлкен жауапты іс-мемлекеттік аттестаттауға дайындықты күшейту, әр қызметкердің өздеріне міндеттелген жұмысты тиісті деңгейде орындауларын талап етті.

2. Колледж директоры Г.А.Такишева 23.12.2022-30.12.2022ж. аралығында оқу орнында «Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ жоспардан тыс тексеру жүргізгендігін баяндады. Тексеру қорытындысының актісімен колледж ұжымын хабардар етті.

Осы мәселелерді басты назарға ала отырып:

- 1) «Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ жоспардан тыс тексеру қорытындысы бойынша кемшіліктерді жою жоспарын ұсынды;
- 2) Кәсіби даярлық курсы жүргізуді 2023-2024 оқу жылына дейін тоқтату ұсынылды;
- 3) 2020, 2021, 2022 жылдарға кәсіби даярлық курс кірісінің экономикалық талдауын жасауды бас бухгалтер Қ.М.Дарбаеваға жүктеді;
- 4) 2020, 2021, 2022 жылдарда өткізілген кәсіби даярлық курсының ұйымдастырылуы мен жүргізілуіне жауапты тұлғаның жауапкершілікке тарту бойынша бұйрық дайындау кадр бөлімінің меңгерушісі А.К.Қыдыралына тапсырылды.



СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Кадр бөлімінің меңгерушісі А.К.Кыдыралына: Қазіргі таңда Г.М.Мамбетов мекемеде жұмыс жасамайды, 31.03.2022 жылғы №7 бұйрықпен жұмыстан шығуына байланысты заңға сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылмайтындығы ескеріледі.

3. Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша мемлекеттік аттестаттауға дайындық барысы, ішкі тексеру жұмыстары мен кемшіліктерді жою мәселелері нақтыланды. Осы бағыттағы бірнеше сұрақтар талқыланып, сәйкесінше жауап берілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қорытындылай келе,

ШЕШІМ:

1. Аттестаттауға дайындық барысы барлық құрылымдық бөлімдер бойынша күшейтілсін. Аталған кемшіліктерді жою жұмыстары жасалып, жауапты қызметкерлер есебі тапсырылсын. Орындалу мерзімі: 20.01.2023ж.

2. «Ақтобе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ жоспардан тыс тексеру қорытындысы бойынша кемшіліктерді жою Жоспары бекітілсін. Бекіту мерзімі: 06.01.2023ж.

2.1. Кәсіби даярлық курсы жүргізу 2023-2024 оқу жылына дейін тоқтатылсын;

2.2. 2020, 2021, 2022 жылдарға кәсіби даярлық курс кірісінің экономикалық талдауы жасалсын. Жауапты: бас бухгалтер Қ.М.Дарбаева.

Орындалу мерзімі: 10.01.2023ж.

2.3. Г.М.Мамбетовтың 31.03.2022 жылғы №7 бұйрықпен жұмыстан шығуына байланысты тәртіптік жауапкершіліктен босатылсын;

2.4. 2022 жылы Г.М.Мамбетовтен құжаттарды толық қабылдамауына сәйкес Г.С.Калимбаеваға тәртіптік кеңес бұйрығы шығарылсын.

Жауапты: кадр бөлімінің меңгерушісі А.К.Кыдыралына. Орындалу мерзімі: 06.01.2023ж.

3. Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау барлық сала бойынша орынбасарларға тапсырылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:

А.А.Такни

Ж.Ә.Шазықов

